



Автор: Теменов Айдын Ерикович

Пән: Қазақстан тарихы

Сынып: 9-сынып

Бөлім: Қазақстан «тоқырау» кезеңінде (1965-1985 жылдар)

Тақырып: «Тоқырау» жылдарындағы демографиялық үрдістер.

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	9.1.1.1 демографиялық өзгерістердің себеп-салдарлық байланысын талдау арқылы дәйекті қорытынды жасау; 9.1.1.2 өткен тарихи кезеңдермен сабақтастықты орнату арқылы қазіргі кезеңдегі демографиялық үрдістерге баға беру.
Сабақтың мақсаты:	1965-1985 жылдарындағы «Тоқырау Қазақстандағы демографиялық өзгерістердің себеп-салдарын саралау арқылы тұжырым жасау. Қазақстандағы урбандалу үдерісін статистикалық дәйектер мен мәліметтер негізінде талдау; «Тоқырау» жылдарындағы демографиялық үдерістерді қазіргі демографиялық дамуымен салыстыру арқылы бағалау
Тілдік мақсаттар:	Тілдік дағдылар: айтылым, айтылым, жазылым, оқылым. Терминдер мен тірек сөздер: Демографиялық саясат, урбандалу, миграция, жұмысшылар, өнеркәсіп салалары, халықтың табиғи өсуі, әл-ауқат Сөз тіркестері: Тоқырау жылдарында халық..... ол қазіргі кездегі халықтың..... әсері. Қазақстанда халық саны..... адамға жетті. Демографиялық үрдістердің ішінде..... маңызды орын алды.
Күтілетін нәтиже:	«Тоқырау» жылдарындағы демографиялық үдерістерді қазіргі демографиялық дамуымен салыстыру арқылы баға бере алады.
Пәнаралық байланыс:	География 9 сынып (11 параграф, 50-53 беттер). Дүниежүзі тарихы 9-сынып (22 параграф 133 бет)

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (9 минут)	Психологиялық ахуал орнату. Тренинг: «Ішкі және сыртқы шеңбер» Топқа бөлу. 1-топ. «Урбандалу». 2-топ. «Демография» Ширату жаттығуы: «Бір қадам алға...» әдісі Жетекші сұрақтар. 1. Қазақстан халқы қазіргі кезде неше млн-ға жетті? 2. Халық санағы туралы не білеміз? 3. Халық санының қалай және неліктен өзгеріп отырады? 4. «Демография» қандай ғылым? 5. Демографиялық саясат дегенімізді қалай түсінесіңдер?	
Сабақтың ортасы (18 минут)	1-тапсырма. Мәтінді қолдана отырып, тоқырау жылдарындағы демографиялық өзгерістердің себеп-салдарлық байланысын анықтау. "Фишбоун" әдісі (жеке жұмыс) Кері байланыс: "Сыншы дос" әдісі (өзара бағалау) 2-тапсырма. Тоқырау жылдарындағы Қазақстанда халық санының өзгеруіне қандай себеп-салдардың әсері екенін анықта. "Ментальды карта" әдісі (жұптық жұмыс) Кері байланыс: "Пайдалы үш нәрсе" әдісі (өзін-өзі бағалау)	
Сабақтың соңы (9 минут)	3-тапсырма. Сабақтастықты орнату арқылы 1965 және 1985 жылдар кезінде демографиялық өзгерістерге баға беру. "Венн диаграммасы". (топпен жұмыс)	
Рефлексия (4 минут)	"Рефлексия пирамидасы" 1. Бүгінгі сабақ бойынша 1 сөлем айту. 2. Өзі үшін есінде қалған 5 сөз тіркесін айту. 3. Тағы білгісі келетін ақпарат туралы 3 сұрақ.	